

Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті он алтыншы сессиясы 2021 жылдың 22 желтоқсан күні сағат 16:00-де Сарыағаш аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2021 жылдың 22 желтоқсан күні сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті сессиясының онлайн трансляциясы saryagashmaslihat.gov.kz сайтында жүргізіледі.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1. «2022-2024» жылдарға арналған Сарыағаш аудандық бюджеті туралы;
2. Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
3. Сарыағаш аудандық ішкі саясат бөлімінің Жастар ресурстық орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
4. Қызылжар ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
5. Қабланбек ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
6. Дарбаза ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
7. Құркелес ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
8. 2022 жылға арналған Сарыағаш аудандық мәслихатының жұмыс жоспарын бекіту туралы;
9. Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының 2021 жылы атқарған жұмыстары туралы;
10. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылы атқарған жұмыстары туралы;
11. Сарыағаш аудандық мәслихатының және оның аппаратының 2022 жылғы қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар сметасы туралы;
12. Сарыағаш аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің штат кестесіне өзгерістер енгізу туралы;
13. Сарыағаш аудандық учаскелік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерін сайлау туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

**Аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
уақытша атқарушы**

Ш. Ибрагимов

